

**"Облыс әкімиятының кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Жамбыл облысы әкімиятының 2005 жылғы 14 мамырдағы № 149 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Жамбыл облысы әкімдігінің 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 3 қаулысы

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, " Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Жамбыл облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Облыс әкімиятының кейбір қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Жамбыл облысы әкімиятының 2005 жылғы 14 мамырдағы № 149 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1620 болып тіркелген, 2005 жылдың 11 маусымында облыстық "Ақ жол" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. "Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалды- инновациялық дамыту басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде осы қаулының 1-тармағында көрсетілген нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп танылғаны жөнінде әділет органдарына және ресми жариялау көздеріне хабарлауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т. Жанкеге жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*К. Көкрекбаев*